



ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

ҚазҰУ – ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМЫНЫҢ АЛТЫН ДІңГЕГІ



Еңбек – елдікке жеткізеді

Ең алғаш рет өз аяқ алысын 1963 жылы студенттік құрылыс отряды болып бастаған еді. Талай жылдар тізбегін артқа тастап, жарты ғасырға жуықтаған жылдар легінде университет жастарының қадамы жылдан-жылға толыға түсті. Заман басқа, заң басқа демекші, бүгінгі жастарымыз тәжірибелі, жан-жақты болуымен бірге, білімділігі арқасында өркениетті ҚазҰУ-дың мерейін үстем етуде. Бұрынғы санақ бойынша студент жасақтарының саны 1000-ға жететін, бүгінде 200 жасақты құрап отыр.

СҚЖ (ССО) Қазақстан қалалары мен селоларының құрылысына белсенді үлес қоса отырып, еңбек ерендігін көрсете шетелді де бағындырып келген біздің жастар еді. 1973 жылы ҚазҰУ қалашығында комсомолдық құрылыс жарияланды да, 90-жылдары студенттер қозғалысы ұмыт қалған-ды. ҚазҰУ қалашығының көркеюін қалап, алдыңғы қатарлы саптан көрсету тұрғысында қашан да студенттік күш-жігердің арқасын екенін басты назарда ұстайтын біздің басшылық 2008 оқу жылынан бастап бұрынғы дәстүрді қайта жаңғыртып, студенттер құрылыс жасағын жандандыруды қолға алды.

Биылғы жылдың 1 маусымынан бастап студент құрылыс жасақтары қалашығымызды абаттандыруға үлкен құлшыныспен кірісіп те кетті.

Еңбек маусымының ашылуын жариялау мақсатында маусымның 24 жұлдызында «ҚазҰУ-дың құрылыс жасағы, тек алға ұрандап басады», – деп, 14 жасақ жауынгерлерінің ұрандауымен үлкен слет өтті.

(Жалғасы 8-бетте)

Бұл оқу жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті үшін 75 жылдық мерейтойымен айшықталып, университет беделінің біздің елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде де асқақтауымен ерекшеленді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: “Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тәуелсіз Қазақстанның кадрлар дайындайтын негізгі орталығының бірі деуге әбден болады”, – деген жүрек жарды лебізін жеткізе отырып, ҚазҰУ оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттері алдында өзінің ақтілік дәрісін оқуы барысында Үздік университеттің өзге де жоғары оқу орындары арасында абыройы асқақтай түсті.

университеттің қатарына енді. Сонымен қатар ҚазҰУ “Таймс” беделді университеттер рейтингісінен де өз орнын алды. ҚазҰУ ТМД елдері арасында бірінші болып үш сатылы “бакалавр-магистр-доктор PhD” білім үлгісіне көшті. Болашақ студенттерді дайындау барысында “Әл-Фараби олимпиадасы” мега-жобасын аталмыш университет өзге әріптестерінің алды болып жүзеге асырды. Бұл жобаның нәтижесінде университетке шығармашылығы мен қабілеттілігі жоғары, көкжиегі кең жастарды қабылдауға мүмкіндік туды. Бір сөзбен айтқанда, еліміздегі үздік университетке үздік студенттерді даярлауға мүмкіндік туғызды. ҚазҰУ-дың ауыз толтырып айтар жетістіктері ұшан-теңіз. ҚазҰУ-да Қазақстандағы өзге жоғары оқу орындарында жоқ әлемдік деңгейдегі кампус – 100 гектар аумаққа созылып жатқан ҚазҰУ қалашығы бар. Бұл қалашықта студенттер мен оқытушыларға ғылым, білім, тіпті салауатты өмір салтына қажетті барлық жағдайлар жасалынған.

(Жалғасы 2-бетте)



ӘЛ-ФАРАБИ
атындағы ҚазҰУ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: “Қаламгерлер арасында алыптар тобы деген аталы сөзді мен ғұламалықтың үлгісін, оқытушылықтың тағылым-тәлімін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бізге жеткізген, өзі де сондай биікке көтерілген академик Зейнолла Кабдоловтың аузынан жиі естуші едім. Сол секілді білім, ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М.Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Бұл университеттік білім берудің бастауы болып саналады”, – деп түйіндеген болатын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: “Қаламгерлер арасында алыптар тобы деген аталы сөзді мен ғұламалықтың үлгісін, оқытушылықтың тағылым-тәлімін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бізге жеткізген, өзі де сондай биікке көтерілген академик Зейнолла Кабдоловтың аузынан жиі естуші едім. Сол секілді білім, ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М.Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Бұл университеттік білім берудің бастауы болып саналады”, – деп түйіндеген болатын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: “Қаламгерлер арасында алыптар тобы деген аталы сөзді мен ғұламалықтың үлгісін, оқытушылықтың тағылым-тәлімін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бізге жеткізген, өзі де сондай биікке көтерілген академик Зейнолла Кабдоловтың аузынан жиі естуші едім. Сол секілді білім, ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М.Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Бұл университеттік білім берудің бастауы болып саналады”, – деп түйіндеген болатын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: “Қаламгерлер арасында алыптар тобы деген аталы сөзді мен ғұламалықтың үлгісін, оқытушылықтың тағылым-тәлімін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бізге жеткізген, өзі де сондай биікке көтерілген академик Зейнолла Кабдоловтың аузынан жиі естуші едім. Сол секілді білім, ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М.Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Бұл университеттік білім берудің бастауы болып саналады”, – деп түйіндеген болатын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: “Қаламгерлер арасында алыптар тобы деген аталы сөзді мен ғұламалықтың үлгісін, оқытушылықтың тағылым-тәлімін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бізге жеткізген, өзі де сондай биікке көтерілген академик Зейнолла Кабдоловтың аузынан жиі естуші едім. Сол секілді білім, ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М.Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Бұл университеттік білім берудің бастауы болып саналады”, – деп түйіндеген болатын.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: “Қаламгерлер арасында алыптар тобы деген аталы сөзді мен ғұламалықтың үлгісін, оқытушылықтың тағылым-тәлімін ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтен бізге жеткізген, өзі де сондай биікке көтерілген академик Зейнолла Кабдоловтың аузынан жиі естуші едім. Сол секілді білім, ғылым саласында небір айтулы алыптарды шығарған, бүтін білім беріп, бүтін ұрпақ тәрбиелеудің үлгісін қалыптастырған бұрынғы С.М.Киров атындағы университет, бүгінгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің алғаш рет ашылуы қазақ топырағында айтулы оқиға болғаны мәлім. Бұл университеттік білім берудің бастауы болып саналады”, – деп түйіндеген болатын.

санда:

БҮГІНГІ

ҚазҰУ-дың
Үздік
факультеті



3-бет

КазНУ провёл
выездное
заседание
секции РУМС



5-бет

Журналистерде
қос мереке



7-бет

■ *Үздік университет*

■ *Бастама*

ҚазҰУ – Қазақстан Ғылымының алтын діңгегі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Атап өтер болсақ, оқу ғимараттары, ғылыми кітапхана, спорт алаңы, Студенттер сарайы, заманауи технологиялармен жабдықталған интернет жастар орталығы, кинотеатр, ғашықтар су бұрқағы, сән салоны тағысын тағылар деп тізбектеле береді. Қазақ ұлттық университетінің халықаралық әріптестік байланысы жылдан-жылға кеңейуде. Қазіргі таңда серіктес шетелдік жоғары оқу орындарының саны 400-ден асты.

Бүгінде 75 жылдан аса тарихтың төрінен орын алған оқу ордасы сапалы маман кадрларды дайындауда ерекше құрметке ие.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – дәстүрлі құрылымдармен қатар, 14 факультет, 102 кафедра еншілес мемлекеттік кәсіпорындар мәртебесіне ие, қаржыландырудың түбегейлі жана тетігі бар 7 ғылыми-зерттеу институты, технопарк және 15 ғылыми орталықтың желісі құрылған

еліміздегі бірден-бір жоғары оқу орны. Бұл әлемдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауды қамтамасыз ететін ғылыми білім беру саласында инновациялық кластерлердің нақты пайда болуының айқын көрінісі.

“Жоғары білім сапасы ең жоғары халықаралық талаптарға сай келуі керек”, – деп Елбасы атап өткеніндей, ҚазҰУ халықаралық талаптарды бағындыруда. Қазақстандық жоғары оқу орындарының арасында бірінші болып ҚазҰУ жаңа эксперименталды бағдарламаны қолға алды. Бұл эксперименталды бағдарлама Колумбия, Оксфорд, Беркли, Стэнфорд және тағы да басқа білім шаңырақтарының жетекші ғылыми орталықтарының тәжірибесіне сүйенеді. Бүгінде университет 200 бағдарлама бойынша жазғы семестр бағдарламасын ашты, бұл бағдарлама аясында Қазақстанның өзге жоғары оқу орындарындағы студенттер білім алуына болады.

ҚазҰУ бүгінде 125 мыңнан астам

түлектерді қанаттандырып, Қазақстан және әлем қоғамындағы элита тобын қалыптастырды. ҚазҰУ-да Түлектер қауымдастығы қызмет етеді. Бұл қауымдастық бүгінде университет және мемлекет қоғамының дамуына өз үлесін қосып келеді. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы университетте оқыған актілік дәрісінде: “Дәл қазірдің өзінде республикамыздың басқару жүйесінде отырған білікті мамандар мен талантты ғалымдардың, дарынды педагогтардың үлкен тобы осы киелі шаңырақтан шыңдалып шыққандар.

Университет түлектері байтақ Отанымыздың барлық түкпірінде жеңісті де, жемісті қызмет етіп жатыр”, – деп пікір білдіріп, үздік баға беруі – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылым кеңістігіндегі зор беделін айқындайды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

25 маусымда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қос диплом бағдарламасы бойынша магистрлерді бірлесіп дайындау жөніндегі екіжақты Келісімге қол қойды.

ҚазҰУ мен ЕҰУ магистрлерінің қос дипломы

Қазақстан ғылымы кеңістігінде алғаш қолға алынып отырған қос диплом бағдарламасы болашақ жас ғалымдарға еліміздегі жетекші екі университеттің дипломына ие болуға мүмкіндік жасайды.

Осы орайда ҚазҰУ ректоры, академик Бақытжан Тұрсынұлы: “Қазақстан білім кеңістігінде бұрын-соңды мұндай бағдарламалар болған емес. Бұл тұңғыш бастама. Міне, құжатқа қол қойылды. Енді ҚазҰУ мен ЕҰУ ұжымы алдында бірігіп, әріптестік ұйыммен сапалы маман дайындау міндеті тұр”, – деді.

Отандық екі классикалық университеттің келісімімен алдағы оқу жылында жүзеге асқалы отырған магистрлерді бірлесіп дайындау жөніндегі екіжақты Келісім бағдарламасы заң, халықаралық құқық, халықаралық байланыс және экономика, қаржы саласы бойынша мамандар дайындайды деп жоспарлануда. ЕҰУ ректоры Бақытжан Жарылқасынұлының айтуынша, аталмыш бағдарлама аясында білім алатын магистранттар алматылық және астаналық үздік педагогтардан дәріс тыңдайды. Бағдарлама алғашында магистр дәрежесі бойынша жүзеге асады, одан кейінгі кезекте PhD бойынша қолға алынады деп күтілуде. Ғылым теңізінде үлкен бастамаға қол ашып отырған бағдарлама негізінде магистрант 1-ші жылы оқуға тапсырған негізгі университетте оқып, 2-ші жылы әріптес ЖОО-да білімін жалғастыра алады.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ *Жоба*

Жақсының нұрын тасытар тұңғыш симпозиум

Келесі жылдың наурыз айында Алматыда белгілі ғалым, білім және ғылым саласының майталманы, мемлекет және қоғам қайраткері Жолдасбеков Өмірбек Арсыланұлының 80 жылдығына байланысты I Халықаралық Жолдасбеков симпозиумы өтеді. Қарашаырақ ҚазҰУ бұл шараға дайындықты бастап та кетті. Бұл жөнінде академик Бақытжан Жұмағұловтың төрағалығымен өткен ұйымдастыру комитетінің алғашқы мәжілісінде талқыланды.



қосу дүние жүзіндегі белгілі ғалымдардың бас қосып, жаһандағы білім және ғылым саласында туындаған өзекті мәселелерді талқылауына мүмкіндік береді”, – деп пайымдады. Айта кетсек, дүние жүзіне белгілі ғалымдардың тізімінде Өмірбек Арсыланұлының балалары – профессорлар Баян және Скандарбек Жолдасбековтер бар. Қатысушылар аталмыш шараның маңыздылығын ескере отырып, ұйымдастыру мәселелерін талқылады. Сондай-ақ белгілі ғалымның еңбектерінен тұратын жинақ шығарып, көрме ұйымдастыру және өмірбаянына арналған деректі фильм дайындау жоспарланды.

Жиын барысында ғылыми секциялардың бағдарламалары анықталып, симпозиум сайтының тұсауы кесілді. Мәжілістің келесі отырысы биылғы жылдың қыркүйек айында өтеді.

Өз тілшімізден

Жолдасбеков симпозиумы Қазақстанның білім және ғылым саласына зор еңбек сіңірген тұлға, белгілі қайраткер Өмірбек Арсыланұлының аруағына бағышталды.

Қазақстанда тұңғыш рет қолға

алынып отырған симпозиум, ұйымдастырушылардың жоспарлауынша, отандық қана емес, сонымен қатар дүниежүзілік ғылыми қоғамдастыққа да таралатын кең ауқымға ие болмақ. Университет ректоры өз сөзінде: “Бұл бас

■ *Таланкер – 2010*

ҚазҰУ «Алтын белгі» иегерлерін оқуға шақырды

16 маусымда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Бостандық ауданы мектеп түлектерінің «Алтын белгі» иегерлері бас қосты. Ең үздік жас талапкерлер жиналған бұл жиында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқу жұмысы жөніндегі проректоры Орынханов Мұрат Кәдесұлы еліміздегі ең үздік университеттің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Бүгінде ел элитасына айналып отырған қауым өкілдерінің осы университеттен түлеп ұшқанын тілге тиек еткен проректор мектеп бітірушілерді дұрыс таңдау жасауға шақырды.

ҚазҰУ 1934 жылдан бері 120 мыңнан астам түлекті қанаттандырып, бәсекеге төтеп беретін мықты мамандар даярлады. Бүгінде университетте 20 мыңнан астам студент, магистрант және PhD докторлары 180 мамандық бойынша 14 факультеттің 102 кафедрасында білім алууда. Мыңға жуық шетелдік студенттер де білім алууда. Университеттегі оқытушы-профессорлар құрамының кәсіби біліктілігі мықты. 2000 оқытушыдан тұратын алтын қорымыз бар, олардың ішінде 1000-нан аса ғылым докторы мен кандидат-

тары, PhD докторлары, 100-ден аса академик пен беделді ғылыми сыйлықтар лауреаттары бар. ҚазҰУ түлектері бүгінде Қазақстан элитасын құрап отыр.

Университеттің Ғылыми кеңес залында өткен салтанатты шарада жиырма жеті «Алтын белгі» иегеріне ректор Бақытжан Жұмағұловтың әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да оқуға мүмкіндік беретін шақыру хаттары табыс етілді. Шара барысында сөз алған Бостандық ауданы білім басқармасы төрағасының орынбасары Гүлбану Ғалиқызы



“Алтын белгі» иегерлерінің бұл жетістіктеріне үлкен қолдау көрсетіп отырған университет ұжымына алғысын жеткізді. ҰБТ-ға дайындық кезінде ҚазҰУ оқытушыларының талапкер білімін тексеруге, сынақ емтихандарын тапсыруға мүмкіндік туғызғанын, тіпті де-

малыс уақыттарында да оқушы білімі үшін үлкен қолдау көрсеткендігін атап өтті. Өз кезегінде аталмыш білім шаңырағындағы шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің Толға Туркоз бастаған шетелдік студенттері замандастарын еліміздегі

беделді оқу орнында білім алуға шақырды. Шетелден келген білімгерлер: “Он айға жуық уақытаралығында университет оқытушыларының қазақ тілін жетік меңгерткен еңбегіне қарап-ақ, төрт жылдағы студенттік өмірде кәсіби маман даярланатынын топшақтауға болады”, – дейді.

Сонымен қатар “Алтын белгі» иегерлері атанған жас талапкерлер де үздік оқыған білімдерінің ақталып, жетекші жоғары оқу орнында оқуға шақыртуға ие болып отырғандарына мәртебесі өсіп, еңбектерінің еленгендеріне риза болып тарқасты. Түлектер аға ақылына құлақ түріп, таңдауын ҚазҰУ-ға лайықтаса, элитаға бір қадам жақындай түспек.

Саягүл
ӘЛІМБЕКОВА



■ Байқау

ҚазҰУ-дың ҮЗДІК ФАКУЛЬТЕТІ

Ағымдағы оқу жылын қорытындылаған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2010 жылғы 18 маусымындағы Ғылыми кеңесінде 2009-2010 оқу жылындағы «ҚазҰУ-дың Үздік факультеттері» анықталды.

Жетекші университеттің үздіктерін тану Елбасының халық алдына қойған бәсекеге қабілеттілік тапсырмасын арттыра түспек. Жоғары оқу орындары рейтингінде алдыға озып шығу үшін университеттегі әрбір оқытушының жоғары біліктілігімен қатар, өзара түсіністік пен әріптестік ынтымағы да үлкен маңызға ие. Осы орайда үздік факультетті анықтайтын байқау университет ұжымының бірлесе отырып халықаралық стандарттарға сай болуына негіздейтін игі шара.



Өз сөзінде ректор Бақытжан Жұмағұлов:

- Осымен екінші кезек ұйымдастырылып отырған «ҚазҰУ-дың Үздік факультеті» байқауы университеттің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттырып отыр. Бұл байқау үздік университеттегі оқытушылар құрамы мен студенттердің интеллектісін дамытып, біліктілігін тереңдетеді, — дейді.

Жарыста жеңіске жетуді дiттеген әр факультетте оқу жылы барысында белсенді өмір тынысы байқалып, оқу, білім, ғылым және әдістемелік, тәрбие жұмыстарында алға қарыштап

ілгерілеу жылдан-жылға үлкен көрсеткішке жетіп отырғандығы анық. Мұндай бастамалар ЖОО-ның халықаралық байланысын нығайтып, университет беделін асқақтата түсетіні жасырын емес. Үздік атану үшін талап та, жауапкершілік те қатаң қаралады.

Нәтижесінде білім және ғылым саласының, сонымен қатар қоғамдық жұмыстар аясында барлық талаптардың орындалуына ерекше белсенділік танытып «ҚазҰУ-дың Үздік факультеті» байқауында 1-орынды химия факультеті, 2-орынды биология факультеті, ал 3-орынды

шығыстану факультеті жеңіп алды. Жеңімпаз факультеттер ұжымы ҚазҰУ ректоры, академик Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлының «Құрмет грамотасы» және компьютер, әсем картиналармен марапатталды. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан ҚазҰУ-дың үздік факультеттерін университеттің оқытушы-профессорлар құрамы және «Қазақ университеті» редакциясы құттықтай отырып, еңбектеріңізге жеміс, жұмыстарыңызға табыс тілейді. Ғылым, білім, тәрбие саласындағы үлестеріңіз жемісті болсын деген тілек айтады.



Биылғы жылдың нәтижесі бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ғылыми кеңесінде өткен отырыста ҚазҰУ білім майталманы, университеттің дуалы қарияларын марапаттады. Бүгінде 90-нан асып, талай білікті мамандарды түлетіп, қоғамға сансыз қабілетті кадр қалыптастырған Жұматов Ғаббас Жұматұлына «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» Алтын медалі және 80 жасқа келіп отырған Әмір Рақыш Сәтұлына «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» Күміс медалі табыс етілді. ҚазҰУ ұжымына көне көздердің де алғысы шексіз болды.

Жақсылыққа жақсылық демекші, осы кеңеске Ақтөбе қаласындағы Қазақ-Орыс университетінің ректоры Темірхан Байбосынұлы арнайы келіп, ҚазҰУ ректоры Бақытжан Тұрсынұлына ғылым және білім саласындағы қайраткерлігі үшін «Алтын қанат» құрмет белгісі сыйлығын табыс етті.

■ Военная кафедра

Выпускники военной кафедры вносят свой вклад в защиту Родины

Казахский национальный университет имени аль-Фараби – ведущее высшее учебное заведение Казахстана. Его высокому статусу соответствует и военная кафедра, подготовившая за время своего существования тысячи офицеров запаса, многие из которых посвятили себя героической профессии защитника Родины.



канчивается учебным сбором за год до окончания вуза.

К военной подготовке привлекаются студенты – граждане Республики Казахстан в возрасте до 27 лет.

При отборе студентов учитываются:

- результаты медицинского освидетельствования призывной комиссии местных органов военного управления;
- средний балл успеваемости студента в учебном заведении, определяемый по результатам сдачи экзаменов;
- результаты выполнения нормативов по физической подготовке, установленных для студентов вузов.

Эти показатели рассматриваются на заседании, проводимом в конце первого семестра обучения, отборочной комиссией, в состав которой входят представители Министерства обороны, образования и науки.

Зачисление студентов для прохождения военной подготовки производится ректором вуза

на основании протокола отборочной комиссии.

На военную подготовку отводится не менее 450 часов обязательных занятий, которые проводятся методом военного дня, в течение пяти семестров обучения, и учебных сборов, в июле месяце – 21 учебного дня.

Студенты, обучающиеся на военной кафедре, сдавшие экзамены по военной подготовке, прошедшие учебные сборы, после получения диплома об окончании вуза направляются на войсковую стажировку (шесть месяцев) и только после ее прохождения, в установленном порядке, им присваивается воинское звание «лейтенант».

Студентам, окончившим полный курс военной подготовки, но не прошедшим войсковую стажировку, присваивается воинское звание «сержант».

Военная кафедра обеспечена учебными классами, служебными и вспомогательными помещениями, учебно-материальной базой, техникой, вооружением, что по-

зволяет успешно осуществлять военную подготовку студентов.

На военной кафедре преподают опытные, с большим педагогическим стажем преподаватели, такие, как П.А.Ермекбаев, полковник в отставке, кандидат технических наук, профессор, член – корреспондент Академии военных наук РФ, полковники запаса Э.К.Фридман, А.М.Безголосов, В.Н.Мешков, имеющие высшее военное образование. Преподаватель М.И.Ниязбаев – участник боевых действий в Афганистане, который умело передает свои знания и опыт студентам.

Преподавателями кафедры написаны и изданы многие учебные пособия которые используются не только на кафедре, но и в других учебных заведениях.

Руководство и офицерский состав кафедры ведут работу по военно-патриотическому воспитанию студентов, воспитанию у них высокой бдительности, постоянной готовности к защите Родины, воспитание чувства гордости за подвиги старшего поколения и

стремления подражать ему.

Многие выпускники военной кафедры внесли и вносят свой вклад в защиту Родины, в выполнение своего воинского долга.

В 1953-1954 годах старший лейтенант А.С.Адонин, лейтенант В.И.Дутиков, лейтенант Н.П.Лазарев с достоинством и честью выполнили интернациональный долг в Корее, награждены боевыми орденами и медалями. В 1967-1968 годах старший лейтенант В.Д.Михайлов, лейтенант Е.П.Матыров, лейтенант Е.А.Кузнецов выполняли интернациональный долг во Вьетнаме, награждены медалью «За боевые заслуги».

В настоящее время многие выпускники военной кафедры выполняют свой воинский долг, проходят службу в Вооруженных Силах Республики Казахстан, а также проходят службу в других государственных структурах.

Р.Т.МУЗДЫБАЕВ,
начальник военной
кафедры, полковник



■ Фильм

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2010 жылғы PhD докторларының түлектері «философия докторы» академиялық дәрежесі бойынша диссертацияны ашық түрде қорғайтын болды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ PhD докторларының диссертациялық еңбектерін қорғау жұмысы ҚР Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сай жауап береді. PhD докторанттары ғылыми жұмыстарын Мемлекеттік аттестациялық комиссияның алдында қорғайтын болады. ҚР Білім және ғылым министрлігінің тағайындауымен комиссия құрамында 12 ғылым докторы және комиссия төрағалары бар. Сондай-ақ қорғауға ҒЗИ және зерттеу орталықтарының директорлары, мәдени орталықтардың өкілдері, ірі компаниялар мен кәсіпорындардың басшылары шақырылды.

Қорғауға қойылған басты талап

PhD диссертациясы ашық түрде қорғалатын болды

ғылыми жұмыстар шетелдік ғылыми басылымда жариялануы тиіс. Сондай-ақ философ докторларына қойылған халықаралық стандарттарға жауап беретіндігін мәлімдейтін шетелдік ғылыми жетекшінің пікірі болуы керек.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – республиканың ірі білім және ғылым орталығы. ҚазҰУ – Қазақстанның жетекші классикалық университеті ретінде жоғары кәсібилік пен білім және ғылым саласының инновациялық дамуына бастайтын көшбасшы орда. PhD докторларын дайындау оқу ордасында 2005 жылдан бастау алады. Отандық философ докторларын дайындауда мемлекеттің беделді

ғалымдары, ғылым докторлары, Еуропа, Солтүстік Америка, Жапония және ТМД елдерінің ғылыми орталықтары мен оқу ордаларының ғылыми жетекшілері бірлесіп еңбек етті. Барлық докторанттар отандық және шетелдік ғылыми жетекшілерінің қолдауымен дүние жүзінің беделді оқу ордаларында сынақ мерзімінен өтуге мүмкіндіктері бар. Мәселен, Лондон университеті (Ұлыбритания), Колумбия университеті (АҚШ), Лун университеті (Швеция), Пьер және Мари Кюри университеті (Франция), Вена университеті (Австрия), Йогоама университеті (Жапония), М.В. Ломоносов атындағы ММУ (РФ) және т.б.

Сонымен қатар осы жылғы оқу жылында ҚазҰУ-ды PhD бойынша аяқтайтын түлектердің ішінде шетелдік азаматтар да бар. Мысыр Араб Республикасынан Мұхаммед Бақр Хусам Әлдин «Радиациялық экология, радиобиология, радиохимия» оқу бағдарламасы бойынша, Мұса Мұхаммед Медхат «Қолданбалы математика» бағдарламасы бойынша, Әл Шазли Мұхаммед Аббас Дорайя және Ханнора Ахмед Әл-Сайед Раджаб «Жану үдерісінің химиялық физикасы» оқу бағдарламасы бойынша ғылыми жұмыстарын қорғайды.

Өз тілшімізден

КазНУ провел выездное заседание секции РУМС

Сегодня КазНУ им. аль-Фараби - ведущий университет страны, лидер в процессе интеграции высшей школы в мировое образовательное пространство. От него не в малой степени в настоящее время зависит развитие высшей школы республики.



ориентированных четко указаны в Послании главы государства Н.А. Назарбаева народу».

КазНУ им. аль-Фараби в качестве одной из важнейших целей своей деятельности ставит высокое качество реализации образовательных программ всех уровней. Университет, располагая мощным потенциалом профессорско-преподавательского состава, обеспечивает высокий уровень преподавания и организации научных исследований, представляет собой важное звено в цепи взаимодействия и сотрудничества с университетами за рубежом. В этой связи основной задачей университета является подготовка специалистов на уровне мировых стандартов и в соответствии с требованиями работодателей.

Членство в Болонском процессе диктует значительные изменения в системе высшей школы стран, которые присоединяются. Это вызывает необходимость решения насущных проблем совместными усилиями с

вузами без непосредственного вовлечения и участия которых невозможно дальнейшее внедрение европейских принципов в систему образования нашей страны.

Ректор КазНУ им. аль-Фараби предложил ряд конкретных мер, необходимых вузам для совместного внедрения принципов Болонского процесса, акцентируя внимание на таких ключевых вопросах, как поддержка мобильности преподавателей и студентов, развитие межвузовского и международного сотрудничества в реализации совместных научных и образовательных проектов, обеспечение высокого качества образовательных услуг, формирование государственного заказа на подготовку специалистов и выделение образовательных грантов.

Непосредственное участие в координации совместной деятельности вузов должны обеспечить Секции РУМС, которые созданы на базе крупнейших вузов страны. Участники заседания единодуш-

но отметили большую роль Секции РУМС на базе КазНУ им. аль-Фараби, которая является самой авторитетной в республике, в определении содержания образования. Высококвалифицированный профессорско-преподавательский состав университета принимает активное участие в разработке нормативных документов высшего образования, государственных общеобязательных стандартов образования, типовых программ, разработке и экспертизе качества учебников и учебных пособий, разработанных авторскими коллективами казахстанских вузов.

В ходе заседания РУМС были также обсуждены актуальные проблемы внедрения кредитной системы обучения. Известный эксперт в области образования профессор факультета журналистики университета Северной Каролины Хал Фостер отметил значительные успехи университетов Казахстана в направлении интернационализации образования и вне-

дрения принятой во всем мире системы зачетных единиц-кредитов.

Участие в работе заседания представителей организаций-работодателей также было актуальным. Степень ориентированности образовательных программ на рынок труда становится ключевым показателем эффективности высшего образования и качества подготовки. Ориентированность на рынок труда реализуется через систематизированное взаимодействие образования и работодателей. По результатам заседания достигнуты договоренности сотрудничества с работодателями, представителями Министерства труда и социальной защиты, представителями компании «Казахмыс» по разработке программ целевой подготовки специалистов для крупных компаний, выработке квалификационных требований, участия работодателей в разработке учебных планов, трудоустройства выпускников и др.

На заседании было принято решение объявить следующий учебный год - годом учебника. В связи с этим Секции РУМС рекомендовано изучить книгообеспеченность вузов по курируемым специальностям и разместить специальные заказы на разработку и издание учебников в вузах, обладающих соответствующим научно-педагогическим потенциалом.

Было также поддержано предложение ректора Каспийского университета технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова А.А.Абжаппарова о создании республиканского центра повышения квалификации преподавателей для обучения современным информационным технологиям.

Оживленные дискуссии, заинтересованное обсуждение злободневных вопросов способствовали принятию ряда важных решений и разработке конструктивных предложений, направленных в вышестоящие органы. Нет сомнения, что принятые по итогам заседания решения будут способствовать достижению стратегических целей развития образования и науки, укреплению авторитета высшей школы Казахстана в мировом образовательном сообществе.

**Г.Н.ПАРШИНА,
Ученый секретарь
секции РУМС**

■ **Лекция**

Заместитель директора Департамента Ближнего Востока и Средней Азии Международного валютного фонда (МВФ) Дэвид Оуэн провел в Казахском национальном университете имени аль-Фараби презентацию Регионального экономического обзора по странам Центральной Азии и Кавказа.

В КазНУ впервые презентован Региональный экономический обзор по странам Центральной Азии и Кавказа МВФ



Впервые представитель такой авторитетнейшей мировой организации, как МВФ, читает лекцию перед студентами и преподавателями ведущего казахстанского вуза. Это неординарное событие в жизни отечественной высшей школы, состоявшееся в результате согласованной инициативы ректора КазНУ им. аль-Фараби Бакытжана Жумагулова и посла Казахстана в США Ерлана Идрисова.

Не захотели такую уникальную возможность упустить и представители государственных учреждений, аналитики и эксперты финансовых и банковских структур, пришедшие услышать, что называется из первых уст, мнение и

макроэкономические прогнозы на ближайшую перспективу.

Дважды в год Департамент стран Ближнего Востока и Центральной Азии МВФ готовит доклад «Перспективы развития региональной экономики» по данному региону. Анализ и прогнозы, представленные в этом докладе, являются неотъемлемой частью надзора департамента за изменениями в экономике и экономической политике 30 государств-членов МВФ.

Мировой экономический спад, как отметил Д. Оуэн, нанес урон экономике стран КЦА, хотя предпринимаемые государствами антикризисные меры позволили в некоторой мере компенсиро-

вать его последствия. Темпы роста стран-экспортеров энергоносителей лишь умеренно снизились с 6,6% в 2008 году до 4,7% в 2009 году.

Оценивая перспективы развития восьми стран Центральной Азии и Кавказа, специалист по странам с переходной экономикой отметил, что есть общие проблемы и различия, но важен тот факт, что в регионе есть Казахстан со стабильной экономикой. В целом по всему региону наблюдаются признаки подъема. Экспорт начал укрепляться, денежные переводы начали расти, а уровни притока капитала стали положительными.

По мнению эксперта МВФ,

темпы экономического роста в странах с развивающейся и формирующейся экономикой будут выше, чем у развитых стран.

Завершив лекцию, Д.Оуэн перешел к ответам на многочисленные вопросы аудитории, в которой, помимо студентов и преподавателей, были представлены аналитики и эксперты государственных учреждений, финансовых и банковских структур. Все они смогли использовать уникальную возможность услышать мнение и рекомендации представителя МВФ.

Дэвид Оуэн посетил музей истории КазНУ и выставку достижений ведущего университета страны. Гостя сопровождала ру-

ководитель Отделения Центральной Азии, руководитель миссии МВФ по Казахстану и представитель Международного валютного фонда по Региональному Сотрудничеству по Центральной Азии (CAREC) Ана Люсия Коронэль.

Соб. корр.

■ УШОС

Одним из важных направлений работы Шанхайской организации сотрудничества (ШОС) – это сотрудничество в сфере образования, которое развивается в рамках специального Соглашения между правительствами государств - членом ШОС, в котором предусмотрен обмен опытом и информацией по вопросам реформ в области образования, поддержка и развитие интеграционных процессов, создание механизмов признания и установление эквивалентности документов об образовании государственного образца, установление прямых связей между образовательными учреждениями государств - членом ШОС.



ведущих кафедр/подразделений в вузах - партнерах УШОС, научных и производственных организациях.

Для активизации и успешной реализации инновационных образовательных проектов вузов в многостороннем формате государств - членом ШОС в КазНУ им. аль-Фараби создан Учебный Центр Университета Шанхайской Организации Сотрудничества (УШОС), который осуществляет планирование, запуск и реализацию программ.

Решением Ученого совета университета директором Учебного Центра УШОС назначена Г.Т.Балакаева доктор

■ Заседания

**ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА
ПО ИННОВАЦИЯМ
И НОВЫМ
ТЕХНОЛОГИЯМ**

2 июня в Казахском национальном университете имени аль-Фараби состоялось первое заседание Совета по инновациям и новым технологиям при акимате г. Алматы. Заседание Совета провел заместитель акима города Алматы, доктор социологических наук С.Т.Сейдуманов и известный ученый, академик, ректор Казахского национального университета имени аль-Фараби Б.Т.Жумагулов.



Целью заседания стали координация деятельности участников инновационного процесса науки, образования, производства, бизнеса города Алматы, содействие в формировании и развитии инновационной системы как составляющей части эффективно функционирующей национальной инновационной системы, интеллектуальной нации, реализации государственной программы форсированного индустриального развития.

На заседании были рассмотрены: вопросы деятельности совета, план заседаний научно-технического совета на 2010 год, инновационные проекты, предложенные I Инновационным конвентом города.

В заседании приняли участие члены Совета по инновациям и новым технологиям при акимате г. Алматы. В состав Совета входят руководители акимата, ректоры ведущих университетов, академики НАН РК, представители научной общественности и бизнес-структур.

На заседании Совета выступили представители акимата, ученые, предприниматели и др., состоялся обмен мнениями по актуальным проблемам инновационного развития, были определены первоочередные инновационные проекты для реализации, среди которых разработки ученых КазНУ им. аль-Фараби, КазНТУ им. К. Сатпаева, КазНАУ, АТУ, КазГАСА.

Соб.кор.

**КАЗНУ ИМ. АЛЬ-ФАРАБИ – ГОЛОВНОЙ ВУЗ УНИВЕРСИТЕТА ШОС:
СОСТОЯНИЕ ДЕЛ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

Для решения поставленных задач в сфере образования и был создан Университет Шанхайской организации сотрудничества - УШОС.

Главная цель УШОС – это подготовка нового поколения специалистов, по пяти наиболее востребованным во всех странах ШОС специальностям: регионоведение, энергетика, экология, нанотехнологии, ИТ-технологии.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби выбран в качестве базового (головного) вуза УШОС по трем направлениям: Экология, Нанотехнологии, Регионоведение. По направлению Экология КазНУ является координатором образовательных программ вузов Республики Казахстан.

Участие в проекте Университета ШОС рассматривается нами как серьезный вклад в формирование единого образовательного пространства, сочетающего лучшие национальные традиции и принятые мировые стандарты.

26 апреля 2010 года в г. Москве был подписан Меморандум о сотрудничестве КазНУ имени аль-Фараби с высшими учебными заведениями государств-членом Шанхайской организации сотрудничества по созданию Университета Шанхайской организации сотрудничества (53 университета от Республики Казахстан, Китайской Народной Республи-

ки, Кыргызской Республики, Республики Таджикистан и Российской Федерации); заключены многосторонние и двусторонние соглашения о реализации магистерских программ между КазНУ им. аль-Фараби и вузами-партнерами (Ланьчжоуский университет (КНР), Российский университет дружбы народов, Сибирский федеральный университет, Южно-Уральский государственный университет, Национальный исследовательский технологический университет «МИСиС», Санкт-Петербургский государственный электротехнический университет «ЛЭТИ», Белгородский государственный университет, Московский государственный институт международных отношений, Уральский государственный университет им. А.М. Горького) по направлениям подготовки («Экология», «Агроэкология», «Нанотехнология» и «Регионоведение»).

При заключении многосторонних и двусторонних договоров вузы-партнеры опирались на Хартию Шанхайской организации сотрудничества от 7 июня 2002 г., руководствовались положениями Соглашения между правительствами государств-членом Шанхайской организации сотрудничества о сотрудничестве в области образования от 15 июня 2006 г., Концепцией создания и функционирования Университета

ШОС и Планом мероприятий по ее реализации, утвержденными министрами образования государств-членом ШОС 24 октября 2008 г. в г. Астане.

Программа УШОС имеет статус открытой организации, в деятельности которой примут участие ученые нашего университета и иностранные партнеры.

Межвузовское сотрудничество в рамках реализации программ УШОС должно способствовать интеграции лучших методических, кадровых, лабораторных и иных ресурсов головных вузов УШОС с целью обеспечения высокого качества реализации совместной образовательной программы УШОС; возможности построения магистрантами индивидуальных образовательных траекторий в соответствии с интегрированным учебным планом; предоставление магистрантам возможности формирования уникальных компетенций за счет приобретения дополнительных знаний, умений и навыков (не предусмотренных учебным планом выбранной основной академической программы головного вуза) в других зарубежных вузах с последующим отражением их в соответствующих документах об образовании (сертификатах); предоставление возможности преподавателям и сотрудникам вузов повысить свою квалификацию путем прохождения стажировок на

физико-математических наук, профессор.

В группу для координации и выполнения работ по УШОС были включены: по направлению Экология: - Н.Р.Мажренова, доктор химических наук, профессор; Ж.Р.Торегожина, кандидат химических наук, доцент; по направлению Нанотехнологии: - С.Х.Акназаров, доктор химических наук, профессор; А.П.Рягузов, кандидат физмат. наук; по направлению регионоведение: - З.С.Батпенова, кандидат исторических наук; К.Н.Макашева, доктор исторических наук, профессор; по направлению Агроэкология: - С.С.Айдосова, доктор биологических наук, профессор; Ж.У.Мамутов, доктор географических наук, профессор, Н.Н.Керимбай, кандидат географических наук.

В 2010-2011 учебном году будет осуществлен первый набор магистрантов в Университет ШОС. Порядок приема и обучения магистрантов по согласованным программам на 2010-2011 гг. размещен на сайте www.kaznu.kz (УШОС).

Г.Т.БАЛАКАЕВА,
Директор департамента по академическим вопросам, профессор, д.ф.-м.н.

Ж.Р.ТОРЕГОЖИНА,
зав.кафедрой общей химии и химической экологии, к.х.н., доцент

■ Коференция

Педагогиканың іргесін қалаған ғалым

10 маусымда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде академик Төлеген Тәжібаевтың 100 жылдық мерейтойына (1910-1964 ж.) арналған «Қазіргі жағары білім берудің мәселелері: жетістіктері және болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Халықаралық конференцияда Украинаның Аматыдағы Бас кон-

сулы Л.М.Протасов, Қазақстандағы Үнді елінің Төтенше жағдайлар және өкілетті елшісі Ашок Саджанхара, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан елдері бойынша ЮНЕСКО Кластерлік Бюросының директоры Сергей Лазерев тәрізді жоғары мәртебелі лауазым иелерінің құттықтау хаттары оқылды. Сонымен бірге ғылыми жиынға Каир университетінің академигі Mahmoud F. Hegazi (Мысыр), University of Cincinnati өкілі Gerald Matthews

(АҚШ) сияқты бірнеше ғалымдармен қатар, ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы қатысты.

Т.Т.Тәжібаевтың дәрісін тыңдаған шәкірті, психолог Р.Хисматулина өз сөзінде: "Төлеген Тәжібаев көзі тірісінде нағыз ғалым қандай болуы керек деген қағиданың терең сырын түсіндіріп кеткен ізетті жан", - деп атап өтті. ҚазҰУ профессоры Ақтолқын Құлсариева: "Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, Қазақстанның ғылым-

білімінің форпосты, мықты бекінісі - әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің атына заты сай басқарушылары, жетекшілері болған. Солардың арасында келіскен келбетімен болсын, жанып өткен жұлдыздай ғұмыр жарығымен болсын Төлеген Тәжібаевтың орны бөлек. Ол кісінің өмір жолы біздің алтын ұямыз ҚазҰУ-дың тарихы, мемлекет тарихымен біте қайнасып жатқандығын, университетке қаншалықты маңызды көңіл

бөлетіндігін көрсетеді. Қазақстанның тұңғыш сыртқы істер министрі бола жүріп біздің университетімізге ел басына күн туған кезде жетекшілік еткен Тәжібаев соның куәсі", - деген пікірін жеткізді.

Конференция аясында Төлеген Тәжібаевтың өмірбаянынан үзінділер көрсетіліп, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде ғалым атындағы дәрісхана ашылды.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

■ **Еңбек**

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ашылурәсімдесөзсөй-леген университет ректоры Б.Т.Жұмағұлов: «Студенттік құрылыс жасақтарының жауынгерлері, сонымен бірге бізге келіп отырған қонақтар қош келдіңіздер деп айтқым келеді. Ханымдар мен мырзаларға, студенттерге, жиналған әріптестерге, баршаларыңызға біздің СҚЖ ашылу мерекесіне жиналғандарыңызға көп рахмет айтамын. Құрылыс отрядының тарихы тамырлы екендігін жақсы білесіздер. Біздің университетте өз жұмысын бастап, осындай слет өткізу арқылы жастардың еңбектерін бағалауына



Еңбек – елдікке жеткізеді

міне үш жыл. СҚЖ университет құрылысына қатысып, көшелерін, ғимараттарын ретке келтіріп, тынбай қызмет етіп келеді. Бүгінгі слетке өзімнің сарбаздарым, жауынгерлерім болған кісілер келіп отыр. Мен соған қуанып отырмын. Комсомол комитетін басқарған Алшанов Рахман Алшанұлы, бүгінде ЖОО қауымдастығының президенті Талыш Аманжолов еңбек орденімен марапатталып жатқанда, менде сондай бір мемлекеттік сыйға ие болғаным бар еді. Бригадирім болған Володия Цой тұр. Информатика институтының директоры Мақсат Каримолдаев, философия және саясаттану факультетінің профессоры Ғабитов Тұрсын ең алғашқылардың бірі болып СҚЖ-ға атсалысқан. Бұл үлкен бастаманың дәстүрдің жалғасы. Әрқайсысымызға тәрбие беретін, өмірімізді, жастарымызды еңбекпен тәрбиелейтін игілік екендігін баса айтқым келеді.

Университетіміздің игі дәстүрлерінің бірі, жалындаған жастық шақтың, білім ошағымыздың гүлденуіне атсалысып отыр», – деп

ағынан жарыла сөзін аяқтады.

Әр факультеттен құралған құрылыс жасақтарының командирлеріне ҚазҰУ ректор Студенттер құрылыс жасағының төлқұжаты мен төсбелгісін табыс етті. Жасақ командирлері: «Біз студенттер жасағы сіздің сеніміңізді ақтаймыз, өз еңбек семестрін өте жақсыға атқарамыз деген сенімдеміз. Еңбек жасағының қиыншылықтары мен қуанышын еңбек және оқу озаты ретінде танымал жастар бірге көре бермек», – деп өз алғыстарын білдірді. Олар: география құрылыс жасағының командирі Мұхит Байдуллаев, журналистика құрылыс жасағының командирі Рауан Есірқенов, тарихшы құрылыс жасағының командирі Малика Қадырова, дипломант құрылыс жасағының командирі Орынбасар Жолдасбаев, математик құрылыс жасағының командирі Балжігіт Тұрабаев, физик құрылыс жасағының командирі Бағдаулет Қонақбаев, филолог құрылыс жасағының командирі Қуаныш Кәрімов, химик құрылыс жасағының командирі Нұрсұлтан Рысқұлов,

экономист құрылыс жасағының командирі Нұрдәулет Қалдаров, заңгер құрылыс жасағының командирі Сұлтан Кенжеев, философ құрылыс жасағының командирі Нұрсұлтан Қарсыбаев, шығыстану құрылыс жасағының командирі Салтанат Тастанбекова, биолог құрылыс жасағының командирі Латиша Қайратхан. Алматы қалалық жастар саясаты мәселелері бойынша басқарма бастығы Бақтияр Мәкенұлы университеттің қалыптасуы, көркеюіне ат салысу маңызды екендігін айта келе, жастарды салауаттылыққа насихаттап, еңбекпен жастарды тәрбиелеп, бағытын қалыптастырып отырғандығы үшін топ жетекшісі Жұмағали Есенбекке алғыс жариялап, Алматы қаласының энциклопедиясын табыс етті. 1974 жылдан бергі құрылыс жасағында еңбек еткен сол кездегі студенттер қаздай тізіліп шыға келгенде, көңіліміз марқайып, жүзімізге қуаныш ұялады. Ғимараттарды салған, кірпішін қалаған сол жылдардағы балғын жастар: «Мәселе ақша табуда емес, қатысуда. Ертең осының арқасында үлес қосқандығын көрсетеді. 10 шақты министр, 20 генерал, 100 шақты академик болған бүгінгі алаш азаматтары, сол кездегі жауынгерлер», – деп жалындаған жастарды жігерлендіре түсті.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

■ **Сүйінші**

Қос кітап – қос қуаныш

Жас та болса бас болып, өз ойын ашық жеткізе алатын бүгінгі жастар легінің еңбегі ерен танылып жүргендігі айқын. Жастардың деңгейін көтеріп, қолда бар алтындарды қадірлеп, талабы мен таланты барды шырқау көкке шамамыз келгенше көтере білгеніміз де оларға деген оң көзқарас қалыптастырғанымыз болар. Бүгінгі ғасыр жастарының басқалардан ерекшелігі сол түрлі қоршаған ортада болып жатқан оқиғаларға бей-жай қарай алмайды. Өзіндік ой мен пікір алмастырып, заман жастары екендігін көрсетіп қалғылары келеді.

Әйгілі неміс ғалымы Карл Манхейм жастарды ерекше әлеуметтік топ ретінде қарастырған. Оның пікірінше, жас буын әлеуметтік өмірде делдал қызметін атқарады, яғни қоғамдағы кез келген оқиғаның бастамашысы жастар болуы тиіс. Осы орайда университетіміздің жастары жайлы да атап кетпесек болмас. ҚазҰУ-дың бетке ұстар жастарының да танымын кеңейтіп, мүмкіндіктерін барынша қолдантуға тырыстырамыз. Осы ретте журналистика факультеті «Баспа ісі және редакциялау» кафедрасы 1-курс студенттерінің жыл сайынғы үрдісі ретінде «Асаба» баспасынан «Ұйқышар» атты жас қаламгерлердің қаламынан туған кітап жарық көрді. Туындыда озық ойлы ҚазҰУ жастарының ішкі жансарайынан туған, балапан көңілдерінен өрбіген әңгімелерінен сыр тартылса, жыр жауқазындары ашылып, ақындық шабыттарын шындаған біршама өлеңдері де енгізілген.

Екінші бір көңіл қуанышын сыйлар дүние тағы да рухани азық кітап әлемінен келіп түсті. Белгілі журналист, тележүргізуші, университетіміздегі журналистика факультетінің түлегі болған Руслан Бөлебай жайлы естелік-эссе кітабы жарық көрді. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында студенттік жылдарынан қалдырған жыр жинақтары, еңбектері, әріптес достарының жан сарайларынан шыққан естеліктері енгізілген кітап «Айдындағы аруыма» деп аталады. Арнайы ұйымдастырылған кітап-



тың тұсаукесер рәсімі арнайы шақырылған өнер адамдарымен толығып, марқұм Русланның ет жақын туыстарымен бірге аталып өтті. Бұл қос қуаныш күз айында журналистика факультетінде салтанатты түрде студент жастармен қауышпақ деген ойдамыз. Естелік-эссе кітап пен студенттердің жинағы барлық ҚазҰУ студенттері үшін танымдық таразысы екендігін көрсетеді.

Жанат ҚАСЫМБЕКОВА

■ **Жарыс**

Шетелдік қазақ жастары жарысты

Халықаралық «Жанашыр» қоғамдық қоры «Қазақстан тәуелсіздігінің 20 жылдығына – 20 шара» атты жобаны қолға алған болатын. Осы орайда жүзеге асқан тұңғыш байқау 3 маусымда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесе отырып «Атамекен – Қазақстан» деген атпен өтті.

Бұл байқауға ҚазҰУ-дың шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінде білім алып жатқан шетелдік қазақ студенттері қатысты. Өз жұмысын 1985 жылдан бастаған дайындық

факультеті қабырғасына 2001 жылдан шетелдегі қазақ диаспорасының өкілдері қабылдана бастаған. Биыл оны алыс-жақын шетелдерден келген 12 қазақ жасы аяқтап отыр. Олар Франция, Сауд Арабиясы, Иран, Түркия, Өзбекстан, Ресей, ҚХР, Түрікменстан секілді елдердің азаматтары болып табылады.

«Жанашыр» қорының президенті Жаңыл Әпетованың айтуынша, бұл байқаудың мақсаты – түлектердің бір жыл бойы алған білімі мен ана тілін қалай үйренгендерін бағамдау және шетелдік

қандастарымыздың қазақтың мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін өздері тұрған жерде таныстырып, насихаттай алатын деңгейге жеткізу болып табылады.

– Алғашқы жылдары факультетімізде тек жақын шетелдерден студенттер түсетін болса, соңғы уақытта алыс шетелдерден де қазақ жастары келе бастады. Латвия, Сауд Арабиясынан келген қандастарымыз қазақ тілін тіптен білмейтін. Соларға арнайы топ ашып, қазақ тілі сағатын көбейттік. Соның нәтижесінде ана тілінде еркін сөйлей алатын дәрежеге жетті, –

дейді ҚазҰУ шетел азаматтарына арналған дайындық факультетінің доценті Гүлмира Тастемірова.

Байқау қорытындысы бойынша Қытайдан келген жастарымыз оза шауып, бөйге алды. Бірінші орынды Шалқар Әбілқайырұлы қанжығасына байласа, екінші орынды Франциядан келген Толға Түркөз Әділбек иемденді. Ал үшінші орынды Ділмұрат Бұдық, Салиха Перман, Аия Соеговалар бөлісті.

Өз тілшімізден

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор –
Жауапты хатшы –
Редакторлар –
Фототілші –

Дәрмен СМАЙЫЛ
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жанат ҚАСЫМБЕКОВА
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы,
Әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат, 11-қабат,
№1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Кредос-Б» баспаханасында (Егізбаев 7^А көшесі) басылды. Тел.: 8 (727) 3-94-24-45

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Көлемі 2 б.т.
Индексі 65989.
Тапсырыс №330

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.